

## 2020 жылға жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 3-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 қаңтарда № 7216 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 9-қ қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 06.02.2020 № 9-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына сәйкес Арал ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020 жылға пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Р. Өтешовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Арал ауданы әкімінің міндетін атқарушы*

*Р. Утешов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Арал құрылысы" жауапкершілігі*

*шектеулі серіктестігімен*

*"Арал" Сервистік дайындау орталығы*

*жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен*

2020 жылғы 17 қаңтары № 3-қ Қаулысына  
1- қосымша

## 2020 жылға пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Арал құрылысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	56	1,12	2

## 2020 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны ( адам)
1	"Арал" "Сервистік дайындау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	0,8	2